

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданы Қызыл кесік ауылдық округінің "Тоғжан" қыстағына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Қызылкесік ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 09 шілдедегі № 2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Қызыл кесік ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі № 12 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 қыркүйекте № 29471 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 22 тамыздағы № 490 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Жылқы малдарының құтырық ауруы ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс - шаралар жүргізілуіне байланысты Тарбағатай ауданының Қызыл кесік ауылдық округінің "Тоғжан" қыстағының аумағында белгіленген шектеу іс - шаралары тоқтатылсын.

2. Тарбағатай ауданы Қызыл кесік ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 09 шілдедегі № 2 "Тарбағатай ауданы Қызыл кесік ауылдық округінің "Тоғжан" қыстағына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4110 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Қызыл кесік ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Тарбағатай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қызыл кесік ауылдық округінің әкімі

С. Калиев